

Бұрын, 2015 жылғы 26 мамырда қабылданған, Байзақов ауылдық округінің "Ертіс ауданы Байзақов ауылдық округінің Иса Байзақов ауылының Карл Маркс көшесіне карантин орнату туралы" № 2 шешімінің күшін жою туралы

Павлодар облысы Ертіс ауданы Байзақов ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 7 тамыздағы № 3 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35 бабына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ертіс аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2015 жылғы 4 тамыздағы карантинді алу туралы 2-19/237 ұсынысы негізінде, Байзақов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ** қабылдайды:

1. Бұрын, 2015 жылғы 26 мамырда қабылданған, Байзақов ауылдық округінің "Ертіс ауданы Байзақов ауылдық округінің Иса Байзақов ауылының Карл Маркс көшесіне карантин орнату туралы" № 2 шешімінің (Павлодар облысы бойынша Әділет департаментінің нормативті-құқықтық актісінің тізілімде 2015 жылдың 26 мамырдағы № 4526 тіркелген, аудандық "Ертіс нұры" газетінде 2015 жылдың 27 маусымында № 25 және "Иртыш" газетінде 2015 жылдың 27 маусымында № 25 жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Байзақов ауылдық
округінің әкімі*

А. Сәрсембаев